

**АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«№18 ҚАЛАЛЫҚ ЕМХАНА»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫНЫҢ
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «№18 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыру үшін құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы «10» мамырдағы № 2/293 қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Алматы қаласының әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

4. Кәсіпорын мүлкіне қатысты коммуналдық мемлекеттік меншік құқығының субъектісі ретінде құқықтарды Құрылтайшы жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы болып табылады (бұдан әрі – Басқару органы).

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№18 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника №18» Управления общественного здравоохранения города Алматы

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050052, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Таугүл-3 ықшам ауданы, Тоқтаров көшесі, 10.

2. Кәсіпорынның құқықтық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының бейнесі және Кәсіпорынның атауы бар мөрі болады.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасасатын азаматтық-құқықтық мәмілелер және оған жататын Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген сәттен бастап жасалған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халықтың денсаулығын қорғау жөніндегі мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды орындау болып табылады.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын төмендегі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) төмендегі медициналық қызметтің кіші түрлеріне сәйкес медициналық қызмет:

- жедел медициналық көмек;
- ересек және (немесе) балалар халқына амбулаториялық-емханалық көмек мамандықтар бойынша:

алғашқы медициналық-санитариялық көмек;

- дәрігерге дейінгі;
- білікті көмек;
- консультациялық-диагностикалық көмек:

• диагностика: радиоизотоптық, рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық;

• зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер; жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер;

• акушерлік және гинекология, педиатрия, жұқпалы аурулар, терапия, невропатология, кардиология, ревматология, гастроэнтерология, нефрология, пульмонология, эндокринология, аллергология және иммунология, гематология; кәсіптік патология; жалпы дәрігерлік практика; жалпы хирургия: торакалдық, абдоминалдық; колопроктология; кардиохирургия; ангиохирургия; оториноларингология; офтальмология; трансфузиология; урология; травматология-ортопедия; анестезиология және реаниматология; дерматовенерология (дерматокосметология); психиатрия; наркология; психотерапия; медициналық психология; фтизиатрия; онкология; стоматология; дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалды терапия, рефлексотерапия, фитотерапия және табиғи текті құралдармен емдеу; медициналық оңалту, қалпына келтіру емі: физиотерапия, массаж, емдік дене шынықтыру, спорттық медицина;

• ересек және (немесе) балалар халқына стационарды алмастыратын көмек мамандықтар бойынша: диагностика: радиоизотоптық, рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық; зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер; жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер; акушерлік және гинекология, педиатрия, терапия, невропатология, кардиология, ревматология, гастроэнтерология, нефрология, пульмонология, эндокринология, аллергология және иммунология, гематология; кәсіптік патология; жалпы дәрігерлік практика; жалпы хирургия: торакалдық, абдоминалдық; колопроктология; кардиохирургия; ангиохирургия; оториноларингология; офтальмология; трансфузиология; урология; травматология-ортопедия, анестезиология және реаниматология; дерматовенерология (дерматокосметология); психиатрия; наркология; психотерапия; медициналық психология; фтизиатрия; онкология; стоматология; дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалды терапия, рефлексотерапия, фитотерапия және табиғи текті құралдармен емдеу; медициналық оңалту, қалпына келтіру емі: физиотерапия, массаж, емдік дене шынықтыру, спорттық медицина;

2) уақытша еңбекке жарамсыздықты және кәсіптік жарамдылықты сараптау;

3) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды сатып алу, сақтау, өткізу және жоюға байланысты қызмет;

4) иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызмет: иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптар мен

қондырғыларды пайдалану;

5) фармацевтикалық қызмет.

15. Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызмет Кәсіпорын тиісті лицензия болған жағдайда жүзеге асырылады.

16. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқылы емес.

17. Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжаттарымен айқын шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін, не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасалған Кәсіпорынның мәмілесі тиісті саладағы уәкілетті органның немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, Құрылтайшының не прокурордың талап арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Құрылтайшы заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе бұл өкілеттікті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті атқарушы органға береді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітіп береді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорын мүлкін пайдалануға, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқару органы заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және Кәсіпорын бюджеті есебінен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорынды дамыту жоспарларын және олардың орындалуы туралы есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

1) Кәсіпорынды дамыту жоспарларының орындалуына бақылау мен талдау жүргізеді;

2) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

3) Кәсіпорын мүлкінің есебін ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

4) шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар үшін Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерлерін, оларды сыйақыландыру және өзге де көтермелеу жүйесін белгілейді;

5) Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын белгілейді;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Кәсіпорынның басқару органдары оның басшысы (бұдан әрі – Директор), сондай-ақ осы Жарғының 5-тарауында көзделген жағдайларда байқау кеңесі болып табылады.

20. Директорды тағайындау және оның аттестаттаудан өткізілуі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

21. Басқару органы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы Кәсіпорын Директорымен еңбек қатынастарын ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көзделген талаптардан бөлек, Директордың таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармауы үшін жауапкершілігі айқындалады.

22. Кәсіпорынның жарғыда көзделмеген қызметін жүзеге асыруға бағытталған Директордың әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік әрі материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

23. Директор Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда айқындалған өз құзыреті шегінде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында және Кәсіпорынның Жарғысында өзгеше көзделмесе, дара басшылық қағидаттары негізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін дербес шешеді.

24. Директор:

1) сенімхатсыз Кәсіпорын атынан әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Кәсіпорын мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелерді жүзеге асырады;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорын қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе.

Кәсіпорын қызметкерлерінің лауазымдық номенклатурасы, оларды Құрылтайшы басшының ұсынуы бойынша лауазымға тағайындайтын немесе лауазымынан босататын қызметкерлер тізбесі осы Жарғыда айқындалады.

8) өз орынбасарларын лауазымға тағайындау және лауазымынан босату үшін басқару органына кандидатураларды ұсынады;

9) өз орынбасарларының және Кәсіпорынның өзге де басшы қызметкерлерінің құзыретін айқындайды;

10) жеке жауапкершілік көтереді:

- Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі мен мүлкінің сақталуы үшін;
- таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аудармау үшін;
- Кәсіпорынды дамыту жоспарын іске асырудың нәтижелілігі мен тиімділігі үшін;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

25. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттық немесе оңалту басқарушысы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттық немесе оңалту басқарушысына өтеді.

5. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

26. Құрылтайшының шешімі бойынша Кәсіпорында басқару органы – байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

27. Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындарға қойылатын өлшемшарттар уәкілетті органмен бекітіледі.

28. Байқау кеңесін құру тәртібі, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесі мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың

өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі уәкілетті органмен бекітіледі.

29. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау тәртібі және оларға сыйақы төлеу лимитін айқындау уәкілетті органмен белгіленеді.

30. Кәсіпорынның байқау кеңесі мынадай өкілеттіктерге ие:

1) Кәсіпорынды дамыту жоспарының жобасы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша басқару органына қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмекті, сондай-ақ қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның қарамағында қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджеттік қаражаттың және қосымша көздерден алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен тікелей танысады және көрсетілген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын тексеру үшін Құрылтайшыға ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорын басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша басқару органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және даму жоспарымен бекітілген қаражат шегінде қосымша қаржылық көздерден қызметкерлерге, Кәсіпорын басшысына, оның орынбасарларына, бас бухгалтерге лауазымдық айлықақыларға үстемақылар белгілеу, сыйақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысының өкілеттік мерзімін және еңбекақы мөлшерін белгілейді, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы басқару органына ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

10) Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы басқару органына ұсыныстар енгізеді;

11) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу мәселелері бойынша басқару органына ұсыныстар енгізеді;

12) Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

13) атқарушы органның құрамына тағайындау үшін кандидатураларды сайлайды, сондай-ақ Кәсіпорынның атқарушы органы мүшесімен еңбек шартын бұзу мәселесін алдын ала келіседі;

14) Кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысын және мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, қызметкерлерінің еңбекақы төлеу және сыйақыландыру мөлшері мен шарттарын белгілейді;

15) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

16) Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

17) Кәсіпорын немесе оның қызметі туралы заңмен қорғалатын қызметтік, коммерциялық немесе өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындайды;

18) осы Заңда және (немесе) Кәсіпорынның Жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Осы тармақта белгіленген байқау кеңесінің өкілеттіктерін мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органына беруіне жол берілмейді.

31. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

32. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша,

басқару органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

33. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер байқау кеңесінің барлық мүшелері отырыстың уақыты мен өткізу орны туралы хабардар етіліп, отырысқа байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, заңды болып табылады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын басқа байқау кеңесі мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

34. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Кәсіпорын байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

35. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша түрде рәсімделеді және байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

36. Кәсіпорынның мүлкін Кәсіпорынның активтері құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

37. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлері арасында да бөлінуге жатпайды.

38. Кәсіпорынның мүлкі мынадай көздер есебінен қалыптастырылады:

39. меншік иесі берген мүлік;

40. өз қызметі нәтижесінде алынған мүлік (оның ішінде ақшалай кірістер);

41. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер.

42. Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарында көзделген қызметті қамтамасыз ету үшін қажетті немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік қана болуы мүмкін.

43. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықтарды алу мен тоқтатуға көзделген шарттар мен тәртіпте жүзеге асырылады, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе.

44. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті пайдаланудан алынған өнім, өнімдер мен кірістер, сондай-ақ шарттар немесе өзге де негіздер бойынша Кәсіпорын сатып алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

45. Меншік иесі Кәсіпорынға мүлікті бекіту туралы шешім қабылдаған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынның мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы мүлік оның балансында бекітілген сәттен бастап туындайды.

46. Кәсіпорын негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқылы емес.

47. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабында меншік құқығын тоқтату үшін көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 144, 154, 162-баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

48. Осы Жарғының 44-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, меншік иесінің шешімі бойынша Кәсіпорыннан мүлікті заңды түрде алып қою жағдайларында да шаруашылық жүргізу құқығы тоқтатылады.

Құқыққа сай алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар жатады:

- Кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығындағы жарғылық қызмет мақсаттарына сәйкес келмейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын немесе мақсатына сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қою.

46. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімде Құрылтайшы алынған мүлікті өзге тұлғаға бергенге дейін оны ұстау және сақталуын қамтамасыз ету мерзімдерін Кәсіпорын үшін белгілейді.

47. Кәсіпорын басқару органының ұсынысы бойынша Құрылтайшының жазбаша келісімімен:

- 1) филиалдар мен өкілдіктер құруға;
- 2) өзіне тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешекке билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдік немесе кепілгерлік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) дебиторлық берешекті беру және есептен шығару, сондай-ақ қарыздар беру құқығын тек басқару органының немесе Құрылтайшының жазбаша келісімімен жүзеге асырады.

48. Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығымен бекітілген, негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

49. Осы Жарғының 48 және 49-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшалай қаражат, егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, Құрылтайшы өзгеше белгілемесе, Кәсіпорын тарапынан дербес пайдаланылады.

7. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

50. Кәсіпорынның қызметі Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен алынатын меншікті табыстары мен бюджеттік қаражат есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

51. Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін уәкілетті орган айқындайды. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Құрылтайшы белгілейді. Белгіленген нормативтерге сәйкес Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көзделген тәртіппен тиісті бюджетке есептеледі.

Кәсіпорын таза табыстың тиісті бөлігін корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзім өткеннен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті бюджетке аударады.

52. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

53. Кәсіпорын өндіретін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қойылатын бағалар Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарының толық өтелуін, қызметінің залалсыздығын және меншікті кірістер есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар Құрылтайшымен келісу бойынша Кәсіпорынмен белгіленеді.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өндіретін және өткізетін, табиғи монополиялар субъектілеріне немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілеріне жататын тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалар Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар субъектілерінің немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық

субъектілерінің баға белгілеуін реттейтін заңнамасының талаптарын ескере отырып белгіленеді.

54. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан алынған табыстар, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен жасалған тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды асыра қою нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджетке алып қойылуға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидаларына сәйкес көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, мұндай мүлік те алып қойылуға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

55. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері **165 336 669 (жүз алпыс бес миллион үш жүз отыз алты мың алты жүз алпыс тоғыз) теңге 40 (қырық) тиын** құрайды.

Жарғылық капитал Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен сәтке дейін меншік иесі (Құрылтайшы) тарапынан толық қалыптастырылуға тиіс.

9. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі

56. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және басқару органымен немесе Құрылтайшымен келісу бойынша Кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

57. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігіне мыналар кіреді: бухгалтерлік баланс, пайда мен залалдар туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп, капиталдағы өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба.

58. Байқау кеңесі бар Кәсіпорын жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді, ол байқау кеңесінің, Кәсіпорын басшысының немесе басқару органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен жүргізілуі мүмкін.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

59. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

60. Мемлекет Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді, тек Құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе басқару органының әрекеттері салдарынан туындаған банкроттық жағдайларын қоспағанда. Осы жағдайда, кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін Кәсіпорын қаражаты жеткіліксіз болған кезде, мемлекет Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу

61. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшері басқару органы тарапынан жыл сайын белгіленеді.

62. Еңбекақы төлеу нысандары, штаттық кесте, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлері, сыйақыландыру және өзге де сыйақы беру жүйесі белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде Кәсіпорын тарапынан дербес айқындалады.

63. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерлері, оларды сыйақыландыру және өзге де

көтермелеу жүйесі басқару органы тарапынан белгіленеді.

12. Еңбек ұжымы мен өзара қатынастар

64. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

65. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

66. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген өзге де негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

67. Коммуналдық кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

68. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған мүлкі Құрылтайшы тарапынан қайта бөлінеді. Таратылған Кәсіпорынның ақшалай қаражаты, оның ішінде мүлкін өткізуден алынған және кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған қаражат жергілікті бюджет кірісіне есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

69. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді немесе бұл өкілеттікті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға береді.